



FTAMP 14.25.01
Ғылыми мақала

<https://doi.org/10.32523/3080-1710-2025-152-3-303-318>

Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды әлеуметтік педагогикалық сүйемелдеуге қатысты ғылыми әдебиеттерге шолу

Б.А. Садырбаева*¹, Д. Ертарғынқызы²

¹әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеті, Алматы қ., Қазақстан Республикасы

²Сүлеймен Демирелі атындағы университеті, Алматы облысы, Қарасай ауданы, Қазақстан Республикасы

(E-mail: *¹bahitzhamal1979@gmail.com, ²yerdinara@gmail.com)

Аңдатпа. Заманауи білім беру жүйесі балалардың ешқандай ерекшеліктеріне қарамастан, барлығына бірдей білім алуға қолжетімділігіне бағытталған. Осы тұста, барлық білім беру қажеттіліктерін ескере отырып, балаларды әлеуметтік педагогикалық сүйемелдеу білім беру мекемелері мен әлеуметтік педагог жұмысының маңызды бағыты болып отыр. Ол қолжетімді әрі сапалы білім беруді қамтамасыз ету үшін ғана емес, сонымен бірге баланы оның дамуында, әлеуметтенуінде және қоғамда бағдарлануында жан-жақты қолдау үшін қажет. Мақалада инклюзивті білім беру, ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар, оларды әлеуметтік педагогикалық сүйемелдеу мәселелерінің отандық және шетелдік ғылыми еңбектердегі жайы зерделеніп, теориялық талдау жасалды. Сондай-ақ әлеуметтік педагогтардың ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалармен жұмысына қатысты лауазымдық міндеттері мемлекеттік құжаттар мен бұйрықтар негізінде анықталды. Зерттеу нәтижелерін өңдеу мен талқылау барысында ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың ерекшеліктерге қарай жіктелуі (тобы), оларды әлеуметтік педагогикалық сүйемелдеудің мәні айқындалып, сүйемелдеудің деңгейлері (Л.В. Мардахаев пен Е.А. Орлова, О. Ильина мен С.Ситняковская, Х. Хэнли мен Ш. Гаррити модельдері негізінде), бағыттары, кезеңдері, формалары мен құралдары нақтыланды. Ғылыми мақала ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалармен жұмыс жүргізетін мамандарға, сондай-ақ ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар мәселесі қызықтыратын кез келген ізденушілерге пайдалы болуы мүмкін.

Кілт сөздер: инклюзивті білім беру, ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар, әлеуметтік-педагогикалық қолдау, әлеуметтік педагог қызметі.

Кіріспе

Заманауи қоғам білім беру мекемелерінің алдына білім беру қызметтерінің жоғары деңгейі мен кең ауқымы, бүгінгі күннің талаптарына сай болуы, сондай-ақ балалардың барлық санаттарының сапалы білім беруге қолжетімділігін қамтамасыз етуге қатысты

Түсті: 15.04.2025; Жөнделді: 21.07.2025; Мақұлданды: 27.09.2025; Онлайн қолжетімді: 30.09.2025

бірқатар міндеттер қояды. Бұл бағыттағы мемлекеттік саясат оқшауланусыз білім беруді дамытуды көздей отырып, ерекше білім беру қажеттіліктері бар оқушыларды білім беру ұйымдарында жан-жақты қолдауға басымдық береді.

Еліміз осы бағыттағы Біріккен Ұлттар Ұйымының «Мүгедектердің құқықтары туралы» (БҰҰ, 2006) және «Білім беру саласындағы кемсітушілікке қарсы күрес туралы» (БҰҰ, 1960) Конвенцияларын ратификациялау арқылы Қазақстандағы барлық азаматтың кемсітусіз білім алу құқығын қамтасыз етудегі саяси белсенділігін айқындады. Аталған құжаттардың негізінде, Қазақстан Республикасы мектепке дейінгі, орта білім беру, техникалық және кәсіптік білім беру, жоғары оқу орны сияқты білім берудің барлық деңгейінде инклюзивті білім беруді қамтамасыз етуге міндеттеледі. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың оқшауланусыз білім алуына негіз болатын инклюзивті білім беру – білім берудің бір түрі ғана емес, жалпы білім беру жүйесінің негізгі принципі болып саналады.

«Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар» (ЕББҚ) термині жаңа ұғым болғанымен, педагогикалық ортада кеңінен қолданылып, «дамуында ауытқушылығы бар бала», «мүмкіндігі шектеулі бала», «мүгедек бала», «денсаулығында ақауы бар бала» және т.с.с. көптеген қоғамдағы теріс коннотациялы сөздердің орнын алмастырды. «Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар» әлем елдерінде кең таралған ұғым, инклюзивті білім беру қағидаларына сәйкес білім беру ұйымдарының назары әр білім алушының табысты оқу үшін жағдай жасалуына аударылуы керек.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды «тиісті деңгейде білім алу және қосымша білім алу үшін арнаулы жағдайларға тұрақты немесе уақытша қажеттілік көріп жүрген балалар» деп сипаттайды (ҚР Білім туралы Заңы, 2007).

Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды оқыту, дамыту және тәрбиелеу үдерісі білім беру ұйымындағы бірқатар мамандардың қолдауы мен сүйемелдеуі негізінде жүргізіледі. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға білім беру «әр бала теңдей жағдайларда қабылданатын, дамудың барлық саласында өзінің әлеуетін толығымен аша алатын, дами алатын, сол ортаның белгілі бір мүшесі екенін сезіне алатын білім беру ортасын, оқу жоспарын, сондай-ақ бағдарламасын біріктіретін үдеріс» (Rice and Ortiz, 2022). Бұл үдерісті жүзеге асыруға сынып жетекшісі, педагог-ассистент, педагог-психолог, арнайы педагог, әлеуметтік педагог және т.б. мамандар ынтымақтаса отырып қатысады.

Отандық ғалым Р.С. Қасымова әлеуметтік педагогтің ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалармен жұмысын «мәліметтер қорын құру, жеке білім алуды ұйымдастыру, әлеуметтік және тұрмыстық жағдайды зерттеу үшін үйге бару, кітаптармен қамтамасыз ету, бос уақыттарын ұйымдастыру, халықаралық мүгедектік күнін ұйымдастыру, әлеуметтік-педагогикалық көмек беру, санаторий-курорттық жолдамалармен қамтамасыз ету» деп сипаттайды (Қасымова, 2022).

ҚР Оқу-ағарту министрлігіне қарасты «Арнайы және инклюзивті білім беруді дамытудың Ұлттық ғылыми-практикалық орталығының» мәлімдеуінше, елімізде ерекше білім беруді қажет ететін балалардың санаты кеңейтілген: «Бұрын осы санатқа тек білім алу барысында денсаулығына байланысты қиындықтар көретін мүмкіндігі шектеулі балалар ғана жататын. Ал бүгінгі таңда бұл санатқа басқа да – әлеуметтік, экономикалық

тұрғыда қиындықтары бар балалар да жатады» (ҚР Президенті жанындағы орталық коммуникациялар қызметі, 2023). Осы тұста, ҚР Білім және ғылым министрінің «Педагог лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы» (2009 жыл) бұйрығында белгіленген *«жеке тұлғаның психологиялық-медициналық-педагогикалық ерекшеліктерін және оның шағын ортасын, өмір сүру жағдайларын зерделейді, ... және оларға әлеуметтік көмек пен қолдауды уақтылы көрсетеді»* деген білім беру ұйымдарының әлеуметтік педагогтерінің лауазымдық міндеттерінің біріне сәйкес (ҚР Білім және ғылым министрлігі, 2009), білім алушының әлеуметтік мәселелері, өмір сүру жағдайлары тікелей әлеуметтік педагогтің қатысуымен шешіледі. Осыдан-ақ ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды әлеуметтік-педагогикалық сүйемелдеу қызметін ғылыми негіздеудің, жүйелеудің қажеттілігін көреміз.

Мақаланың мақсаты – ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларды әлеуметтік педагогикалық сүйемелдеу қызметін ғылыми негіздеу. Мақсатқа жету үшін келесідей міндеттер қойылды:

- ғылыми педагогикалық еңбектер негізінде «ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар», «әлеуметтік педагогикалық сүйемелдеу» ұғымдарын теориялық талдау, мәнін ашу;

- ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды әлеуметтік педагогикалық сүйемелдеу мәселесін талдау, жүйелеу.

- ЕББҚ әлеуметтік педагогикалық сүйемелдеудің бағыттарын, кезеңдерін, формалары мен құралдарын негіздеу.

Білім берудегі инклюзияның мәні ерекше білім беру қажеттіліктері бар баланың өзінің тұрғылықты мекен-жайындағы білім беру мекемесінде, яғни қандай да бір психологиялық, әлеуметтік ерекшеліктері болмаған жағдайда қандай мекемеде білім алуы мүмкін еді, сонда білім алуымен сипатталады. Мұндай оқыту жеке оқу жоспары бойынша, сондай-ақ медициналық, педагогикалық-психологиялық, әлеуметтік-педагогикалық сүйемелдеу негізінде жүргізілуі керек екені айтпаса да белгілі. Дегенмен, мұндағы басты мәселе – инклюзияның интеграция ретінде сипатталуында болып отыр. Оған сәйкес, ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар оларға дейін де болған білім беру жүйесіне қосылады да, ал әлеуметтік-педагогикалық қызмет оларға білім беру мекемесі жағдайындағы сабақтарға, өмір сүру жағдайларына бейімделуге ғана бағытталады. Даму ерекшеліктеріне сәйкес, білім беру мекемелерінің жағдайларына сәтті бейімделе алмау ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың әлеуметтік оқшаулануына және маргинализміне алып келді. Сондай-ақ инклюзиялық білім беруде ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар мұндай балалардың барлық тобына бірдей құрылған бағдарлама аясында да жүргізілуі мүмкін. Сәйкесінше, балалар өзіндік жеке ерекшеліктеріне сай емес жүйенің бір бөлігі болып қана қала береді. Осы сияқты бірқатар мәселелерді шешу әлеуметтік-педагогикалық қызметкерлердің әртүрлі ерекшеліктері бар балалардың оқыту процесіне қатынасын қайта қарауды, әр баланың жеке даму ерекшеліктерін ескеруді, әлеуметтік педагогикалық сүйемелдеудің инновациялық әдістерін игеруді талап етеді.

Материалдар мен әдістер

Зерттеу жұмысы қазіргі білім беру кеңістігінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды әлеуметтік педагогикалық қолдаудың мәнін жан-жақты түсінуге бағытталған теориялық-аналитикалық сипатқа ие.

Зерттеудің негізгі әдістері ретінде:

- әлеуметтік педагогика, коррекциялық педагогика, инклюзивті білім беру, даму психологиясы саласындағы ғылыми және оқу-әдістемелік *әдебиеттерді талдау*;
- әртүрлі ғылыми тұжырымдамаларда ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды сүйемелдеу тәсілдерінің жалпы және ерекше белгілерін анықтауға мүмкіндік беретін *салыстыру*;
- сүйемелдеу шеңберінде мамандардың пәнаралық өзара іс-қимылын ұйымдастыру бойынша теориялық ережелер мен практикалық әзірлемелерді *жүйелеу және жалпылау*;
- инклюзивті және арнайы білім беру саласындағы білім беру ұйымдарының қызметін реттейтін нормативтік-құқықтық құжаттарға *контент-талдау* әдістері қолданылды. Бұл әдістерді қолдану әлеуметтік педагогикалық сүйемелдеудің мәнін, оның міндеттерін, қазіргі білім беру ортасы жағдайында іске асырудың принциптері мен тетіктерін тұтас және жүйелі түсінуді қамтамасыз етеді.

Зерттеу болжамын ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды тиімді әлеуметтік-педагогикалық сүйемелдеу баланың жеке білім беру қажеттіліктеріне сүйене отырып, сондай-ақ нормативтік-құқықтық базада бекітілген инклюзивті тәсілдерді қолдана отырып, білім беру үдерісінің барлық субъектілерінің (педагогтер, психологтар, әлеуметтік педагогтер, ата-аналар және тьютор, педагог-ассистент сияқты сүйемелдеу мамандары) өзара іс-қимылын жүйелі ұйымдастыру жағдайында мүмкін болады деп анықтаймыз.

Зерттеу кезеңдері:

1. Аналитика-теоретикалық кезең: инклюзивті және арнайы білім беру жағдайында ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды сүйемелдеу мәселелері бойынша ғылыми әдебиеттерді, әдістемелік әзірлемелерді, нормативтік-құқықтық құжаттарды зерделеу және талдау.
2. Салыстыру кезеңі: әлеуметтік-педагогикалық сүйемелдеудің қолданыстағы тәсілдері мен үлгілерін салыстырмалы талдау, олардың артықшылықтары мен белгілі бір шектеулерін, сүйемелдеудің тиімділігіне әсер ететін факторларды анықтау.
3. Жалпылау және талдау нәтижелерін жүйелеу кезеңі: негізгі теориялық ережелерді тұжырымдау, білім беру ортасында ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды тиімді әлеуметтік-педагогикалық сүйемелдеудің компоненттерін, функциялары мен принциптерін анықтау.

Нәтижелер мен талқылау

Еліміздегі ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды әлеуметтік педагогикалық сүйемелдеу мәселесінің зерттелуін А.К. Рсалдинова, А.М. Кемешова (Рсалдинова мен Кемешова, 2019), А. Альчимбаева, Н.С. Әлғожаева, Д. Саманова (Альчимбаева, Алғожаева және Саманова, 2023) және т.б. авторлардың зерттеу еңбектерінен көре аламыз.

Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды әлеуметтік педагогикалық сүйемелдеу үшін олардың топтарын анықтап алу өте маңызды. «Ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау қағидаларын бекіту туралы» ҚР Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 12 қаңтардағы бұйрығында (ҚР Білім және ғылым министрлігі, 2022) ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың екі тобы ажыратылады (Кесте 1):

1) «психикалық функциялардың (ақыл-ой әрекеті, қабылдау, зейін, есте сақтау) жеткіліксіздігінен мектептегі белгілі бір дағдыларды меңгеруде қиындықтары бар балалар» тобы;

2) «ақыл-ой және физикалық дамуы бұзылмаған, білім беру процесіне енуіне кедергі келтіретін әлеуметтік-психологиялық және басқа факторлардың әсері бар балалар» тобы.

1-Кесте. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың тобы

Бірінші топ	Екінші топ
<i>психикалық функциялардың жеткіліксіздігінен мектептегі белгілі бір дағдыларды меңгеруде қиындықтары бар балалар</i>	<i>ақыл-ой және физикалық дамуы бұзылмаған, білім беру процесіне енуіне кедергі келтіретін әртүрлі факторлардың әсері бар балалар</i>
1-3 деңгейдегі жалпы сөйлеу қабілеті дамымаған есту қабілеті зақымдалған	әлеуметтік осал топтағы отбасыларда тәрбиеленетін, микроәлеуметтік және педагогикалық қараусыз қалған
көру қабілеті зақымдалған	жергілікті қоғамға бейімделуде қиындықтарға тап болғандар (босқындар, мигранттар, қандастар)
зердесі зақымдалған (ақыл-ой кемістігі бар)	мүгедектігі бар балалар
психикалық дамуы тежелген	
сөйлеу қабілеті зақымдалған, жазбаша сөйлеу бұзылыстары бар	
тірек-қимыл аппараты бұзылған	
эмоциялық-ерік бұзылыстары бар	
күрделі (біріктірілген) бұзылыстар	

Ескерту: ҚР Білім және ғылым министрінің «Ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау қағидаларын бекіту туралы» бұйрығы негізінде құрылды

«Сүйемелдеу» идеясы әлеуметтік педагогика ғылымында XIX ғасырдың аяғында қалыптаса бастады. Ол баланың өздігінен іс-әрекет жасауына қабілетсіздігіне байланысты шынайы сүйемелдеу, жетектеу түсінігін қамтыды. «Әлеуметтік педагогикалық сүйемелдеу» ұғымы «әлеуметтік педагогикалық қолдау» ұғымымен мәндес келеді, тіпті кей зерттеушілер екі ұғымды синоним ретінде қарастырады. Алайда, ұғымдар айқын жақындығына қарамастан, әрқайсысы өзіндік ерекшеліктерге ие.

«Әлеуметтік педагогикалық қолдау» сүйемелдеуге қарағанда ұзақ жүретін үдеріс болса, «әлеуметтік педагогикалық сүйемелдеу» белгілі бір кезеңдерде жүзеге асырылуымен

түсіндіріледі. Т.Е. Быковская әлеуметтік педагогикалық сүйемелдеуді «қиын» балалардың жағдайында зерттей отырып, оны «баланы өзінің өмір жолы мен білім беру бағытын өз бетінше жоспарлауға, өмірлік белсенділікті ұйымдастыруға, сондай-ақ маманның өсіп келе жатқан тұлғаның эмоционалдық ыңғайсыздық жағдайларына жауап беруге тұрақты дайындығынан тұратын әлеуметтік педагогикалық іс-әрекеттің түрі» ретінде анықтайды (Быковская, 2009).

Әлеуметтік-педагогикалық сүйемелдеу, Л.В. Мардахаев тарапынан, «адамның неғұрлым орынды әлеуметтік дамуын, әлеуметтенуін және әлеуметтік тәрбиесін, оның өмірдегі белсенді өзін-өзі көрсетуін қамтамасыз ету» немесе «әлеуметтік педагогтің функцияларын орындайтын адам қамтамасыз ететін нақты даму жағдайында адамды әлеуметтік педагогикалық сүйемелдеу» ретінде түсіндіріледі (Мардахаев, 2017).

Отандық зерттеушілер М.П. Оспанбаева мен С.Н. Құрманова әлеуметтік педагогикалық сүйемелдеуді – «баланың қоғаммен өзара әрекеттестігі жағдайында психологиялық дамыту және нәтижелі оқыту үшін әлеуметтік педагогикалық жағдайлар жасауға бағытталған маманның кәсіби әрекетінің белгілі бір жүйесі» деп анықтайды (Оспанбаева мен Құрманова, 2018).

Әлеуметтік педагогикалық сүйемелдеу және қолдау аясындағы ғылыми зерттеу еңбектеріне талдау жасаудың нәтижесінде келесідей тұжырым жасауға болады:

- «әлеуметтік педагогикалық қолдау» ұғымын авторлар білім алушылар өз бетінше шеше алмайтын оқыту және тәрбиелеу мәселелерін қарастырғанда, білім беру мекемелерінде, педагогикалық ортада қолданады;

- әлеуметтік педагогикалық сүйемелдеу әлеуметтену үдерісінде балалар мен жасөспірімдерде туындайтын мәселелермен байланыстырылады, білім беру мекемелерінде туындайтын бұл мәселелерді әлеуметтік педагогтер басқа да мамандармен (педагог-психолог, логопед, педагог-ассистент, т.б.) бірлесе отырып шешеді;

- әлеуметтік педагогикалық сүйемелдеу мен әлеуметтік педагогикалық қолдау – баланы оқыту мен тәрбиелеу үдерісіне немесе әлеуметтену үдерісінде бағытталатын әлеуметтік педагогикалық қызметтің екі бөлек түрі (Галагузов пен Галагузова, 2015).

Осылайша, әлеуметтік педагогикалық сүйемелдеу – әлеуметтік педагог пен әлеуметтену және өзін-өзі әлеуметтік дамыту процесінде қиын өмірлік жағдайға тап болған білім алушының кешенді өзара әрекеттесуі.

Ал ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды әлеуметтік педагогикалық сүйемелдеу – мұндай балаларды табысты оқыту, әлеуметтендіру және қоғамда ілгерілету үшін жағдай жасауға бағытталған кешенді сүйемелдеу жүйесі.

Орыс ғалымдары Л.В. Мардахаев және Е.А. Орлова ерекше білім беру қажеттіліктері бар контекстіндегі дамуында бұзылыстары бар балаларды әлеуметтік педагогикалық сүйемелдеу қызметі мынадай міндеттерді шешетінін айтады:

- «– ЕББҚ баланың қажеттіліктерін қанағаттандыруды қамтамасыз ететін білім беру ортасын құру;

- дамудың бұзылуының ерекшелігі мен ауырлығын, әлеуметтік тәжірибе, сондай-ақ жеке және отбасылық ресурстарды ескере отырып, балаға жеке педагогикалық көзқарасты қалыптастыру;

- арнайы міндеттерді, оқыту мазмұнының бөлімдерін, норма жағдайында дәстүрлі тәсілдермен қол жеткізілетін әдістерді, тәсілдерді, құралдарды бөліп көрсете отырып оқытуды ерекше формада құру;

- білім мен оқу дағдыларын игеру процесін және әлеуметтік тәжірибені, өмірлік құзыреттерді дамыту процесін интеграциялау;
- балаға және оның отбасына жәрдемдесуді, педагогикалық ұжымға көмек көрсетуді қамтамасыз ету;
- білім беру үдерісіне қатысатын әртүрлі мамандар мен ата-аналарды үйлестіру және олардың өзара іс-қимылын ұйымдастыру;
- әр түрлі ерекшеліктер мен ауырлықтағы балаларды оқыт мен дамыту мәселелерінде педагогтардың кәсіби құзыреттілігін арттыру» (Мардахаев пен Орлова, 2025).

Ал мұндай балаларды әлеуметтік педагогикалық сүйемелдеу макро-, мезо- және микродеңгейлерде жүзеге асырылады, мұндағы:

- «– макродеңгей – ЕББҚ балалардың құқықтық және әлеуметтік жағдайын жақсарту үшін жағдай жасау;
- мезодеңгей – жақын орта тарапынан сүйемелденуші балаға деген көзқарасты өзгерту арқылы оның табысты өмірлік бейімделуіне жағдай жасау үшін ЕББҚ баланың жағдайына қатысушылармен жұмыс жасау арқылы әлеуметтік педагогикалық көмек көрсету;
- микродеңгей – тек сүйемелденушінің жеке басына ғана назар аударылып, оның нақты мәселелерін шешуге бағытталады. Сондай-ақ бұл деңгейде сүйемелдеуде ЕББҚ бала өмірлік жағдайларды сол күйінде қабылдай отырып, өз мәселелерін толық түсініп, өздері үшін жауапкершілікті қалыптастыру мүмкіндігі пайда болады» (Мардахаев пен Орлова, 2025).

Ал О. Ильина және С. Ситняковская қиындық деңгейіне байланысты ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды әлеуметтік педагогикалық сүйемелдеудің бес деңгейін қарастырады:

1) I деңгейге қиындықтың кішігірім түрлерін жатқызады, мұндай балаларға кеңес беру және қажет болған жағдайда логопед маманының қызметтері ұсынылады. Сондай-ақ бұл деңгейдегі балалар арнайы көмекші мен оқу бағдарламасын бейімдеуді қажет етпейді.

2) II деңгейлі қиындықтары бар балаларда қиындықтың жеңіл формалары байқалады. Инклюзивті-ресурстық орталық мамандары баланың дамуын кешенді бағалау нәтижелері бойынша мұндай балаларға оқу құралдарын пайдалануда, оқыту мазмұнын бейімдеуде, әдістемелік және консультациялық көмек көрсетуде және т.б. сүйемелдеу түрлерін көрсетеді.

3) III деңгей – денсаулығына байланысты ауырлықтың орташа дәрежесі. Бұл деңгейдегі балалардың қажеттіліктеріне сәйкес балаға көмекші тағайындалып, есту және визуалды қабылдауды дамыту, қарым-қатынас, әлеуметтік және тұрмыстық бағдар беру және т.б. бойынша сабақтар өткізіледі.

4) IV деңгейге ауыр дәрежедегі қиындықтары бар балалар жатады, мұндай балаларға педагог-ассистент тағайындалып, мұғалімге көмекші қажет болған жағдайда ғана беріледі. Мұнда оқыту мазмұны толықтай бейімделеді, өзгертіледі, сондай-ақ арнайы әдістер мен технологиялар қолданылады.

5) Қиындық ең ауыр V деңгейі оқыту мазмұнына өзгерістер енгізуді, мұғалімге де, балаға да тұрақты көмекшіні тағайындауды, түзету-дамыту сабақтарын үздіксіз жүргізуді, өзгертілген кесте бойынша оқытуды қажет етеді (Illina and Sytniakivska, 2023).

Х. Хэнли мен Ш. Гаррити ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды сүйемелдеудің деңгейлерін өз елдерінің мысалында (Ирландия) түсіндіреді. Олардың ойынша, мұндай балаларды сүйемелдеу жалпы жеті деңгейде жүргізілуі керек:

– әмбебап деңгейдегі (1-3 деңгей) сүйемелдеу жекелеген мекемелерде инклюзивті үйлестірушілерді (INCO) құруды және Ұлттық орталықтандырылған үздіксіз кәсіби даму жүйесін, соның ішінде инклюзия (LINC) және әртүрлілік, теңдік және инклюзия (DEI) бойынша көшбасшылықты оқытуды қамтиды.

– қажеттіліктерге негізделген деңгей (4-7 деңгей) білім беру бойынша кеңес беруді, жұмыс орнындағы қолдау мен тәлімгерлікті, материалды-техникалық базаға гранттық қаржыландыруды және кішігірім өзгерістерді, сондай-ақ денсаулық сақтау қызметінің Ұлттық атқарушы органының (HSE) терапия қызметтерін орталықтандырылған ұсынуды көздейді (Hanley and Garrity, 2022).

Әлеуметтік педагогикалық сүйемелдеуге қатысты ғылыми еңбектерге талдаудың нәтижесінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды әлеуметтік педагогикалық сүйемелдеудің негізгі бағыттарын атап көрсеткіміз келеді (Сурет 1):


- 1) қажеттіліктер деңгейін диагностикалау және бағалау;
- 2) білім беру үдерісін даралау (жеке білім беру маршрутын құру);
- 3) психологиялық-педагогикалық сүйемелдеуге қатысу;
- 4) әлеуметтік көмек көрсету;
- 5) инклюзивті білім беру ортасын қамтамасыз ету;
- 6) әлеуметтік бейімдеу және қоғамға интеграциялау.

қажеттіліктер деңгейін диагностикалау және бағалау	- Психологиялық-педагогикалық диагностика (даму деңгейін, танымдық мүмкіндіктерін, эмоционалдық жағдайын анықтау). - Отбасы, мектеп және қоғам жағдайларын бағалау.
білім беру үдерісін даралау	- Бейімделген білім беру бағдарламаларын әзірлеу. - Оқытудың арнайы әдістері мен технологияларын қолдану (инклюзивті, қашықтықтан, түзету-дамыта оқыту).
психологиялық-педагогикалық сүйемелдеуге қатысу	- Бала мотивациясымен жұмыс жасау. - Түзету және дамыту сабақтарын ұйымдастыру. - Қарым-қатынас пен әлеуметтік бейімделу кедергілерін жеңуге көмектесу
әлеуметтік көмек көрсету	- Отбасымен өзара әрекеттесу, ата-аналарға тәрбиелеу мен оқытуда көмек көрсету. - Делдал ретінде жедел сүйемелдеу жұмысын ұйымдастыру (қызмет көрсету орталықтары басшыларымен, волонтерлік ұйымдармен жұмыс)
инклюзивті білім беру ортасын қамтамасыз ету	- Білім беру мекемелерінде кедергісіз орта құру. - Педагогтарды ЕББҚБ жұмыс істеу әдістемелеріне оқыту. - Тьютор және ассистент жұмысын бақылау, бағалау.
әлеуметтік бейімдеу және қоғамға интеграциялау	- Өмірлік және кәсіби дағдыларды дамыту. - Жұмысқа орналасуға жәрдемдесу.

1-Сурет. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды әлеуметтік педагогикалық сүйемелдеудің бағыттары

Ескерту: ғылыми еңбектерге талдау жүргізудің нәтижесінде құрылды

Белгіленген әлеуметтік педагогикалық сүйемелдеудің бағыттарын тиімді жүзеге асыру ЕББҚ балаларды әлеуметтік педагогикалық сүйемелдеудің кезеңдерінің дұрыс орындалуына байланысты. Ол диагностикалық, жобалық, ұйымдастырушы-іс-әрекеттік, бақылау-түзетушілік, бағалау-нәтижелік (қорытынды) кезеңдерді қамтиды (Сурет 2).



2-Сурет. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды әлеуметтік педагогикалық сүйемелдеудің кезеңдері

Диагностикалық кезеңде ЕББҚ балаға даму деңгейі және когнитивті, әлеуметтік дағдыларының деңгейін анықтау үшін педагогикалық-психологиялық диагностика, денсаулық жағдайын бағалау үшін медициналық диагностика, отбасындағы тәрбие жағдайларын анықтау үшін әлеуметтік диагностика жүргізіледі. Мұндай кешенді диагностикалардың барысында баланың өзіндік ерекшеліктерін, оның білім беру тәсілі мен өмір сүру жағдайларын ескере отырып, жан-жақты талдау жүргізіледі. Сондай-ақ оқытудағы және әлеуметтік бейімделудегі кедергілер анықталады.

Жобалық кезеңде балаға арналған жеке әлеуметтік педагогикалық сүйемелдеу бағдарламасы әзірленеді. Бағдарламаны әзірлеу барысында білім беру траекториясы (инклюзивті, коррекциялық, арнайы оқыту) анықталып, оқыту мен тәрбиелеудің бейіндік бағдарламасы құрастырылады. Бағдарламаны тиімді жүзеге асыруға қатысатын арнайы мамандар (педагог-психолог, логопед, дефектолог, әлеуметтік педагог, педагог-ассистент, тьютор, т.б.) тағайындалады.

Ұйымдастырушылық-іс-әрекеттік кезеңде баланың жайлы білім беру ортасын құру мен әлеуметтік ортаны қамтамасыз ету жөніндегі шаралар іске асырылады. Сондай-ақ бұл кезең баланың ерекшеліктеріне бейімделген әдістемелер мен оқыту технологияларын енгізуді, психологиялық және әлеуметтік қолдау көрсетуді, отбасы және қоршаған ортамен өзара әрекеттесуді, инклюзивті білім беру мәселелері бойынша педагогикалық ұжыммен жұмыс жасауды қамтиды.

Бақылау-түзетушілік кезең сүйемелдеу бағдарламасының тиімділігін бағалау мен қажетті түзетулерді енгізуді қамтиды. Ол үшін баланың жағдайы мен бейімделу деңгейіне мониторинг, даму динамикасына анализ (эмоционалды, зерттеушілік, когнитивті), қажет болған жағдайда білім беру және тәрбие әдістерін түзету жасалады.

Бағалау-нәтижелік кезеңде жүргізілген бағдарлама қорытындыланып, әрі қарай да әлеуметтік педагогикалық сүйемелдеудің жоспары құрылады. Баланың жетістіктерінің деңгейін бағалау, педагогикалық ұжым мен ата-аналарға ұсыныстар даярлау, жоғары сыныптағы ЕББҚ баланың кәсіби болашағын жоспарлау әрекеттері орындалады.

Аталған кезеңдердің әрқайсысы ата-ана мен баланың өзінің тарапынан мұқият назар аударуды талап етеді. Бұл ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды сәтті әлеуметтендіруге, оқытуға және өзін-өзі дамытуға жағдай жасауға мүмкіндік береді.

Әлеуметтік педагогикалық сүйемелдеудің формаларын жеке (бір баламен жұмыс) және топтық (топпен, бірнеше баламен), институционалды (білім беру мекемелерінде)

және институционалды емес (білім беру мекемелерінен тыс орталықтарда, үйде, т.б.) деп жіктей аламыз (Кесте 2).

2-Кесте. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды әлеуметтік педагогикалық сүйемелдеудің формалары

Жеке	Топтық	Институционалды	Институционалды емес
Әлеуметтік педагогикалық кеңес беру – балаға құқықтық және әлеуметтік мәселер бойынша көмек көрсету	Инклюзивті білім беру – баланы қатарластармен бірге оқытуда сүйемелдеу	Инклюзивті топтар мен сыныптар – мамандардың сүйемелдеуімен қатарластарымен бірге оқытуда сүйемелдеу	Отбасында немесе қашықтықтан оқыту – білім беру мекемелеріне бара алмайтын балаларды сүйемелдеу
Тьюторлық көмек – әлеуметтенуде тьютор тарапынан жеке сүйемелдеу	Әлеуметтік бейімделу тренингтерін жүргізу – коммуникативтік дағдылар мен өз-өзіне сенімділікті дамыту	Ресурстық сыныптар мен орталықтар – ЕББҚБ арналған арнайы жабдықталған кабинеттер мен орталықтарда сүйемелдеу	Оңалту орталықтары мен сүйемелдеу қызметтері – балаларды әлеуметтік және психологиялық бейімделуде сүйемелдеу
Әлеуметтік патронаж – баланы үй жағдайында қажетті маманмен қамтамасыз ету процесін сүйемелдеу	Түзету сабақтары – когнитивтік, сөйлеу, әлеуметтік дағдыларын дамытуға бағытталған сабақтар	Мамандандырылған түзету мектептері мен интернаттары – арнайы білім беру бағдарламаларымен оқытатын мекемелерде сүйемелдеу	Еріктілер мен қайырымдылық ұйымдары – ЕББҚ балаларды қоғамда сүйемелдеу мен қолдау.
Жеке оқыту бағдарламасын құру	Үйірме – әр түрлі секциялар мен шығармашылық студияларына қатысу	Психолого-медико-педагогикалық консилиум (ПМПК) – арнайы комиссия ұсыныстары бойынша сүйемелдеу	

Ескерту: авторлар тарапынан құрылды

Әлеуметтік педагогикалық сүйемелдеудің тиімді жүргізілуінде сүйемелдеу құралдарын дұрыс таңдау да үлкен маңызға ие. Біз оларды әдістемелік, техникалық, педагогикалық, ақпараттық деп топтауды ұсынамыз:

– Әдістемелік құралдарға жеке білім беру бағдарламалары, түзету-дамытушылық әдістемелер, дидактикалық материалдар, бейіндік оқулықтар, әлеуметтену және бейімделу бағдарламалары жатады.

– Сүйемелдеудің техникалық құралдарына тактильді оқулықтар, көрнекіліктер, оқытуға арналған аудио және бейне материалдар, электронды кітаптар, сөйлеуді қолдау бағдарламалары, коммуникацияның альтернативті құралдары, жабдықталған сыныптар мен сенсорлы бөлмелер жатады.

– Педагогикалық құралдарға инклюзивті және дифференциалды оқыту әдістері, ойын және арт-терапия технологиялары, диагностикалық құралдар мен түзету сабақтары, дамыта оқыту әдістері жатады.

– Ақпараттық құралдарға онлайн ресурстар, оқытуға арналған платформалар, мобильді қосымшалар, мамандардың виртуалды кеңес беру қызметтері жатады.

Белгіленген деңгейлер, кезеңдер, формалар мен құралдар ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды әлеуметтік педагогикалық сүйемелдеу үдерісін кешенді және көпдеңгейлі етіп ұйымдастыруға ықпал етеді.

Қорытынды

Бүгінгі таңда ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды инклюзивті оқыту, мектепке интеграциялау жалпы әлемдік үрдіс, осыған байланысты бірлескен білім беру жағдайына қатысты түрлі қиындықтар туындайтыны заңдылық. Осындай жиі кездесетін мәселелердің бірі – ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың мектеп өміріне, құрдастар тобына әлеуметтенуіндегі қиындықтар. Әлеуметтік педагог балалардың оңтайлы әлеуметтенуін және т.б. әлеуметтік педагогикалық мәселелерінің шешімін табуға атсалысатын маман болғандықтан, осы мәселеге қатысты ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды әлеуметтік педагогикалық сүйемелдеу қызметін тиімді жүргізуі керек.

Барлық білім беру қажеттіліктерін ескере отырып, балаларды әлеуметтік педагогикалық сүйемелдеу білім беру мекемелері мен әлеуметтік педагог жұмысының маңызды бағыты болып табылады. Ол қолжетімді әрі сапалы білім беруді қамтамасыз ету үшін ғана емес, сонымен бірге баланы оның дамуында, әлеуметтенуінде және қоғамда бағдарлануында жан-жақты қолдау үшін қажет.

Әлеуметтік педагогикалық сүйемелдеудің тиімділігі бала жағдайын диагностикалау, жеке дамуын жоспарлау, білім беру бағдарламасын бейімдеу, психологиялық қолдау сияқты кешенді шараларға байланысты. Сондай-ақ инклюзивті білім беру технологиялары, ресурстық орталықтар, мамандардың қатысуы мен отбасымен белсенді өзара байланыс та маңызды рөлге ие.

Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды әлеуметтік педагогикалық сүйемелдеу аясындағы қазіргі тенденциялар кедергісіз білім беру ортасын құруға, тиімді педагогикалық әдістер мен технологияларды пайдалануға, сондай-ақ инклюзивті білім беру жүйесін дамытуға бағытталған. Бұл процесте әрбір баланың қажеттілігі ескеріліп, оның сәтті дамуы мен өзін-өзі жүзеге асыруы үшін жағдай жасалады.

Осылайша, ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды әлеуметтік-педагогикалық сүйемелдеу әр балаға білім алуға, дамуға және қоғамның толыққанды мүшесі болуға мүмкіндік беретін заманауи білім беру жүйесінің бөлігі болып табылады.

Авторлардың қосқан үлесі

Б.А. Садырбаева – жұмыс нәтижелерін жинау, талдау және түсіндіру; мәтін жазу және оның мазмұнын сыни тұрғыдан қайта қарау; жұмыстың барлық аспектілері үшін жауап беру, деректердің дұрыстығына немесе мақаланың барлық бөлігіне қатысты мәселелерді дұрыс зерттеу.

Д. Ертарғынқызы – зерттеу жұмысының концепциясын құру және ғылыми жетекші ретінде жариялауға арналған мақаланың соңғы нұсқасын бекіту.

Әдебиеттер тізімі

Альчимбаева, А., Алгожаева, Н., Саманова Д. (2023). «Направленность работы социального педагога в психологическом сопровождении детей с особыми образовательными потребностями», Вестник КазНУ имени аль-Фараби, серия «Педагогические науки», (3), с. 82-92. <https://doi.org/10.26577/JES.2023.v76.i3.07>

Быковская, Т.Е. (2009). «Социально-педагогическое сопровождение подростка с девиантным поведением в условиях образовательного учреждения», Социально-педагогическая поддержка ребенка: мат-лы меж-дунар. науч.-практ. конф. – Москва: АПКППРО, с. 280-286.

Галагузов, А.Н., Галагузова. М.А. (2015). «К вопросу о сущности понятия «Социально-педагогическое сопровождение дезадаптированных подростков», Педагогическое образование в России. №4. Қолжетімді: <https://cyberleninka.ru/article/n/k-voprosu-o-suschnosti-ponyatiya-sotsialno-pedagogicheskoe-soprovozhdenie-dezadaptirovannyh-podrostkov> (қол жеткізілген күні: 2025 жылғы 18 наурыз).

Қасымова, Р.С. (2020). Әлеуметтік педагогтың жұмыс технологиясы. – Алматы: Қазақ университеті.

Қазақстан Республикасы (2007). «Білім туралы» Заңы Қолжетімді: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000319_#z3 (қол жеткізілген күні: 2025 жылғы 18 наурыз)

ҚР Білім және ғылым министрлігі (2022). «Ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау қағидаларын бекіту туралы бұйрық», 12 қаңтар. Қолжетімді: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200026618> (қол жеткізілген күні: 2025 жылғы 18 наурыз)

ҚР Білім және ғылым министрлігі (2009). «Педагог лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы бұйрық». Қолжетімді: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V090005750_ (қол жеткізілген күні: 2025 жылғы 18 наурыз)

ҚР Президенті жанындағы орталық коммуникациялар қызметі (2023). «Елімізде ерекше білім беруді қажет ететін балалардың санаты кеңейтілді», 20 сәуір. Қолжетімді: <https://ortcom.kz/kk/novosti/1681988681> (қол жеткізілген күні: 2025 жылғы 18 наурыз)

Мардахаев Л.В. (2017). Социальная педагогика: учебник для бакалавров. Москва: Издательство Юрайт.

Мардахаев Л.В. и Орлова Е.А. (2025). Социально-педагогическое сопровождение детей с ограниченными возможностями здоровья: учебник для вузов. Москва: Издательство Юрайт.

Организация Объединенных Наций (1960) «Конвенция о борьбе с дискриминацией в области образования». Доступно по адресу: https://www.un.org/ru/documents/decl_conv/conventions/educat.shtml (дата обращения: 18 марта 2025 г.)

Организация Объединенных Наций (2006). «Конвенция о правах инвалидов». Доступно по адресу: https://www.un.org/ru/documents/decl_conv/conventions/disability.shtml (дата обращения: 18 марта 2025 г.)

Оспанбаева М.П., Құрманова С.Н. (2018). «Ерекше білім беру қажеттіліктері бар оқушыларды психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу шарттары», Абай ат. ҚазҰПУ Хабаршысы, «Психология» сериясы, (2), 102-107 б. Қолжетімді: <http://repository.apa.kz/xmlui/handle/123456789/143> (қол жеткізілген күні: 2025 жылғы 18 наурыз)

Рсалдинова А.К., Кемешова А.М. (2019). Инклюзивті білім беру жағдайында ерекше білім беру қажеттіліктері бар оқушылардың оқу жетістіктерін бағалаудың жолдары. Алматы.

Hanley H., Garrity S. (2022) 'ECCE teachers' attitudes in Ireland towards including children with special educational needs', *Irish Educational Studies*, 43 (4), pp. 683-701. <https://doi.org/10.1080/03323315.2022.2135567>

Illina O., Sytniakivska, S. (2023). 'Social and pedagogical support of certain categories of children with special needs in the conditions of inclusive education', *Zhytomyr Ivan Franko state university journal. Pedagogical sciences*, 1 (112), pp. 168-176. [http://dx.doi.org/10.35433/pedagogy.1\(112\).2023.168-176](http://dx.doi.org/10.35433/pedagogy.1(112).2023.168-176)

Rice M.F., Ortiz K.R. (2022). "Parents of children with special educational needs' shared work in fully online learning", *Journal of Research on Technology in Education*, 55 (5), pp. 784-798. <https://doi.org/10.1080/15391523.2022.2030269>

Б.А. Садырбаева*¹, Д. Ертарғынқызы²

**¹Казахский национальный университет им. аль-Фараби, г. Алматы, Республика Казахстан*

*²Университет имени Сулеймана Демиреля Алматинская область,
район Карасай, Республика Казахстан*

Обзор научной литературы по социальному педагогическому сопровождению детей с особыми образовательными потребностями

Аннотация. Современная система образования ориентирована на доступность образования для всех детей, независимо от их особенностей. При этом социально-педагогическое сопровождение детей с учетом всех образовательных потребностей является важным направлением работы образовательных учреждений и социального педагога. Она необходима не только для обеспечения доступного и качественного образования, но и для всесторонней поддержки ребенка в его развитии, социализации и ориентации в обществе. В статье, на основе отечественных и зарубежных научных трудов, проведен теоретический анализ проблемы инклюзивного образования, детей с особыми образовательными потребностями, их социально-педагогического сопровождения. Также должностные обязанности социальных педагогов по работе с детьми с особыми образовательными потребностями определены на основании государственных документов. В ходе обработки и обсуждения результатов исследования определена классификация (группа) по особенностям детей с особыми образовательными потребностями, изучена сущность их социально-педагогического сопровождения и определены уровни сопровождения (на основе моделей Л.В. Мардахаева и Е.А. Орловой, О. Ильиной и С. Ситняковской, Х. Хэнли и Ш. Гаррити), были уточнены направления, этапы, формы и средства социально-педагогического сопровождения детей с ООП. Результаты статьи может быть полезна специалистам, ведущим работу с детьми с особыми образовательными потребностями, а также любым соискателям, интересующимся проблемой детей с особыми образовательными потребностями.

Ключевые слова: инклюзивное образование, дети с особыми образовательными потребностями, социально-педагогическое сопровождение, деятельность социального педагога.

B. Sadyrbayeva^{*1}, D. Yertargynkyzy²

^{*1}*Al-Farabi Kazakh National University, c. Almaty, Republic of Kazakhstan*

²*SDU University, Almaty region, Karasai district, Republic of Kazakhstan*

Review of scientific literature on social pedagogical support for children with special educational needs

Annotation. The modern education system is focused on accessibility of education for all children, regardless of their characteristics. At the same time, social and pedagogical support for children, taking into account all educational needs, is an important area of work for educational institutions and social educators. It is necessary not only to provide affordable and high-quality education, but also to comprehensively support the child in his development, socialization and orientation in society. Based on domestic and foreign scientific works, the article provides a theoretical analysis of the problem of inclusive education, children with special educational needs, and their social and pedagogical support. Also, the job responsibilities of social educators for working with children with special educational needs are determined on the basis of government documents. During the processing and discussion of the research results, a classification (group) was determined according to the characteristics of children with special educational needs, the essence of their socio-pedagogical support was studied and the levels of support were determined (based on the models of L. V. Mardakhaev and E. A. Orlova, O. Ilyina and S. Sitnyakovskaya, H. Hanley and S. Garrity), the directions were clarified, stages, forms and means of social and pedagogical support for children with disabilities. The results of the article may be useful to specialists working with children with special educational needs, as well as to any applicants interested in the problem of children with special educational needs.

Keywords: inclusive education, children with special educational needs, social and pedagogical support, activities of a social educator.

References

Alchymbayeva, A., Algozhayeva, N., Samanova, D. (2023). Directions of psychological support of a social teacher with students in need of special education. *Journal of Educational Sciences*, 76(3), 82–92. <https://doi.org/10.26577/JES.2023.v76.i3.07>

Bykovskaya, T.E. (2009). 'Sotsial'no-pedagogicheskoe soprovozhdenie podrostka s deviantnym povedeniem v usloviyakh obrazovatel'nogo uchrezhdeniya' [Socio-pedagogical support of an adolescent with deviant behavior in the context of an educational institution]. *Sotsial'no-pedagogicheskaya podderzhka rebenka: mat-ly mezhdunar. nauch.-prakt. konf. – Moskva: APK i PPRO*, pp. 280–286. (in Russian)

Galaguzov, A.N., Galaguzova, M.A. (2015). 'K voprosu o sushchnosti ponyatiya "Sotsial'no-pedagogicheskoe soprovozhdenie dezadaptirovannykh podrostkov"' [On the essence of the concept "Socio-pedagogical support of maladjusted adolescents"]. *Pedagogicheskoe obrazovanie v Rossii*, (4). Available at: <https://cyberleninka.ru/article/n/k-voprosu-o-suschnosti-ponyatiya-sotsialno-pedagogicheskoe-soprovozhdenie-dezadaptirovannyh-podrostkov> (Accessed: 18 March 2025). (in Russian)

Kassymova, R.S. (2020). *Äleumettik pedagogtyñ zhūmys tekhnologiyasy* [Technology of social pedagogue's work]. – Almaty: Qazaq universiteti. (in Kazakh)

Qazaqstan Respublikasy (2007). "Bilim turaly" Zany [Law of the Republic of Kazakhstan "On Education"]. Available at: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000319_#z3 (Accessed: 18 March 2025). (in Kazakh)

QR Bilim және ғылым ministrligi (2022). "Erekse bilim беру qajettilikterin baғalau qaғidaların bekitu turaly byyryq" [Order "On approval of the rules for assessing special educational needs"], 12 January. Available at: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200026618> (Accessed: 18 March 2025). (in Kazakh)

QR Bilim және ғылым ministrligi (2009). "Pedagog laғazymдарының ұlgilik biliktilik sipattamalaryn bekitu turaly byyryq" [Order "On approval of the model qualification characteristics of teaching positions"]. Available at: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V090005750_ (Accessed: 18 March 2025). (in Kazakh)

QR Prezidenti janyndaғы ortalyq kommunikatsiyalar qyzmeti (2023). "Elimizde erekse bilim berudi qajet etetin balalardyn sanaty keñeitildi" [The category of children in need of special education in our country has been expanded], 20 April. Available at: <https://ortcom.kz/kk/novosti/1681988681> (Accessed: 18 March 2025). (in Kazakh)

Mardakhaev, L.V. (2017). Sotsial'naya pedagogika: uchebnik dlya bakalavrov [Social pedagogy: textbook for bachelors]. Moskva: Izdatel'stvo Yurayt. (in Russian)

Mardakhaev, L.V., Orlova, E.A. (2025). Sotsial'no-pedagogicheskoe soprovozhdenie detey s ograničennymi vozmožnostyami zdorov'ya: uchebnik dlya vuzov [Socio-pedagogical support of children with disabilities: textbook for universities]. Moskva: Izdatel'stvo Yurayt. (in Russian)

Organizatsiya Ob"edinennykh Natsiy (1960). "Konventsiya o bor'be s diskriminatsiey v oblasti obrazovaniya" [Convention against Discrimination in Education]. Available at: https://www.un.org/ru/documents/decl_conv/conventions/educat.shtml (Accessed: 18 March 2025). (in Russian)

Organizatsiya Ob"edinennykh Natsiy (2006). "Konventsiya o pravakh invalidov" [Convention on the Rights of Persons with Disabilities]. Available at: https://www.un.org/ru/documents/decl_conv/conventions/disability.shtml (Accessed: 18 March 2025). (in Russian)

Ospanbaeva, M.P., Qurmanova, S.N. (2018). "Erekse bilim беру qajettilikteri bar oqushylardy psikhologiyalyq-pedagogikalyq süyemeldeu şarttary" [Conditions of psychological and pedagogical support for students with special educational needs]. Abai atyndagy QazUPU Khabarshysy, "Psikhologiya" seriyasy, (2), pp. 102–107. Available at: <http://repository.apa.kz/xmlui/handle/123456789/143> (Accessed: 18 March 2025). (in Kazakh)

Rsaldinova, A.K., Kemeshova, A.M. (2019). "Inkljuzivti bilim беру zhagdayynda erekse bilim беру qajettilikteri bar oqushylardyn oqu zhetistikterin bagalaudyn zholdary" [Ways to assess the academic achievements of students with special educational needs in the context of inclusive education]. Almaty. (in Kazakh)

Hanley H., Garrity S. (2022) 'ECCE teachers' attitudes in Ireland towards including children with special educational needs', Irish Educational Studies, 43 (4), pp. 683-701. <https://doi.org/10.1080/03323315.2022.2135567>

Illina O., Sytniakivska, S. (2023). 'Social and pedagogical support of certain categories of children with special needs in the conditions of inclusive education', Zhytomyr Ivan Franko state university journal. Pedagogical sciences, 1 (112), pp. 168-176. [http://dx.doi.org/10.35433/pedagogy.1\(112\).2023.168-176](http://dx.doi.org/10.35433/pedagogy.1(112).2023.168-176)

Rice M.F., Ortiz K.R. (2022). "Parents of children with special educational needs' shared work in fully online learning", Journal of Research on Technology in Education, 55 (5), pp. 784-798. <https://doi.org/10.1080/15391523.2022.2030269>

Авторлар туралы мәліметтер:

Садырбаева Б.А. – хат-хабар авторы, ҚазҰУ 3 курс докторанты, Алматы, Әл-Фараби даңғылы, 71, 050040, Қазақстан Республикасы.

Ертарғынқызы Д. – PhD докторы, доцент м.а., Сулейман Демирел университеті, Алматы облысы, Қарасай ауданы, көш. Абылай хан 1/1, Қаскелең 040900, Қазақстан Республикасы.

Сведения об авторах:

Садырбаева Б.А. – автор для корреспонденции, докторант 3 курса, Казахский национальный университет им. аль-Фараби, проспект Аль-Фараби 71, Алматы, 050040, Республика Казахстан.

Ертарғынқызы Д. – доктор PhD, и.о. доцент, университет имени Сулеймана Демиреля, Алматинская область, район Карасай, ул. Абылай Хана 1/1, Қаскелең 040900, Республика Казахстан.

Information about the authors:

Sadyrbayeva B.A. – corresponding author, 3rd year doctoral student, Kazakh National University. Al-Farabi, Al-Farabi Avenue 71, Almaty, 050040, Republic of Kazakhstan.

Yertargynkyzy D. – PhD, acting associate professor, Suleyman Demirel University, Almaty region, Karasai district, st. Abylay Khana 1/1, Kaskelen 040900, Republic of Kazakhstan.